

"Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 26 қаңтар N 7

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігімен бірлесе отырып заңдарда белгіленген тәртіппен:

"Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының жалпы жиналысын

өткізсін және Ербол Ғабдуәліұлы Етекбайды "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы етіп тағайындауды ұсынсын;

"Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының 1997-1998 жылдардағы қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктесін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.